«БЕКІТЕМІН»
Алматы қаласы әкімінің орынбасары
А.Б. Қалдыбеков
2024 жылғы «9» қыркүйек

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірге ономастика мәселелеріне арналған республикалық семинар өткізу жөніндегі ЖОСПАР-ТАПСЫРМА

Өтетін орны: ***«Достық үйі»,*** *Құрманғазы көшесі, 40*
Уақыты: ***2024 жылғы 27 қыркүйек, сағат: 10:00***

1. Семинарды ұйымдастыру, баннер орнату, қатысушыларды күтіп алу, қонақ үйге орналастыру, бағдарлама, блокнот, қалам, папка, су және т.б. қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы әкімі аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімі

2. Семинарға қатысушыларға Алматы қаласы әкімдігінің атынан ескерткіш сыйлықтар беруді қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы әкімі аппараты тілдерді дамыту және ономастика бөлімі

3. Семинарға қатысушыларды ұлттық киімдегі қыздар мен күйшілер тобының қарсы алуын қамтамасыз ету.

Жауапты: Мәдениет басқармасы

4. Өңірлерден келген делегация мүшелеріне қонақ үйден орындарды броньдауды қамтамасыз ету.

Жауапты: Туризм басқармасы

5. Семинарға қатысушыларға бейресми түскі ас беруді қамтамасыз ету.

Жауапты: Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

6. Семинарға қатысушыларға Алматы қаласы бойынша Гид маманның қатысуымен экскурсия ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Жауапты: Туризм басқармасы

7. Семинарға қатысушыларды тасымалдау үшін автобус көлігімен қамтамасыз ету.

Жауапты: Қалалық мобилділік басқармасы

8. Семинарға қатысушылардың мәдени демалысын (музей, театр, концерт және т.б.) ұйымдастыру.

Жауапты: Мәдениет басқармасы

Ж. Омарова, 87012789878